

**«Жалпы орта білім беретін Шежін «мектеп-бөбекжай-бақша» кешені»
бойынша
«Отбасы –бақыт мекені!» республикалық апталығы аясында
жүргізілетін іс-шара
Жоспары**

№	Іс-шаралардың атауы	Түрі	Сынып	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Отбасымен бірге пісірген ас»	Бейнеролик	5-11 сыныптар	7-14 қыркүйек	Сынып жетекшілер
2	«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тоң пішер»	Фотосурет көрмесі	1-11 сыныптар	7-10 қыркүйек	Тәлімгер
3	«Отбасы-аялы алақан мекені!»	Суреттер көрмесі	1-4 сыныптар	7-10 қыркүйек	Технология пәні мұғалімдері
4	«Жанұям-қорғаным, ата-анам-тірегім»	Эссе жазу	8-11 сыныптар	10-15 қыркүйек	Қазақ тілі пәні мұғалімдері
5	«Отбасы қарым-қатынасы»	Сауалнама	5-11	7-15 қыркүйек	Мектеп психологы
6	«Отбасым – алтын бесігім»	Сынып сағаттары	1-11	7-14 қыркүйек	Сынып жетекшілері

**«Жалпы орта білім беретін Шешін «мектеп-бөбекжай-бақша» кешені» бойынша
«Отбасы –бақыт мекені!» республикалық апталығы аясында жүргізілген іс-
шаралар есебі**

7-14 қыркүйек аралығында мектепте «Отбасы –бақыт мекені!» республикалық апталығы аясында қашықтықтан жүргізілетін іс-шара жоспары құрылып, шаралар оздырылды. 1-11 сыныптарда «Отбасым – алтын бесігім» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.


1-4 сынып оқушылары «Отбасы-аялы алақан мекені!» суреттер көрмесіне өз отбасы туралы суреттерін салып, қатысты.



5-11 сынып оқушыларына мектеп психологы «Отбасы қарым-қатынасы» атты сауалнама өткізді. «Отбасы қарым-қатынасы» сауалнамасы арқылы ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау. Сауалнама барлығы 15 сұрақтан тұрды. Тесттің сұрақтарына «Иә», «Жоқ», «Кейде» жауаптарынан тұрады.



Отбасы туралы түсініктерін кеңейту; Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету мақсатында 8-11 сынып оқушыларына «Жанұям-қорғаным, ата-анам-тірегім» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды. Эссе жазуда еркін тақырып болғандықтан барлығы дерлік өз ойларын жеткізе білген. Тек негізгі бөлімді ашуда аздап толықтыруды қажет етеді. Барлық оқушылардың жұмыстарына кері байланыс берілді.



1-11 сынып оқушылары «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тоң пішер» атты Фотосурет көрмесіне ата-анасымен бірге түскен фотоларын ұсынды.



5-11 сынып оқушылары «Отбасымен бірге пісірген ас» атты бейнеролик байқауына белсенділікпен қатысты. Бейнероликтер тобы аудандық Рухани жаңғыру бөлімінің жариялаған байқауына жіберіліп, Мурзағалиевтер отбасы 1 орын иеленді. Өткізілген іс-шаралар туралы ақпаратты Тасқала аудандық білім бөлімін белгілеп, үнемі мектептің Фейсбук парақшасына енгізіп тұрдық.

Мектеп директоры:

Г. Дуйсенова